

Ленин жолы

Барлық елдердің пролетарлары, бірлігіңдері

ҚК(б)П Солтүстік Қазақстан облыстық комитетінің, еңбекшілер депутаттарының облыстық Советінің және ҚК(б)П Петропавл қалалық комитетінің газеті

№ 51 (7011)

Сәрсенбі 14 Март 1945 жыл

Шығуына 27-жыл
Жоке саны 20-тың

Жоғарғы Бас қолбасшының Бұйрығы

2-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы РОКОССОВСКИЙГЕ
Майдан штабының бастығы

Генерал-полковник БОГОЛЮБОВҚА

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, ДАНЦИГ пен ГДЫНЕНІң іргелеріндегі немістердің қорғанатын маңызды тіректі бекіністері—ТЧЕВ (ДИРШАУ), ВЕЙХАРОВО (НОЙШТАДТ) қалаларын алды, сөйтіп ГДЫНЕНІң сол түстік жағында ДАНЦИГ шығанағының жағалауына жетті де ПУЦКІ (ПУТЦИГ) қаласын алды.

ТЧЕВ, ВЕЙХАРОВО және ПУЦКІ қалаларын алу ұрыстарында генерал-лейтенант РОМАНОВСКИЙДІң, генерал-полковник ФЕДИОНСКИЙДІң, генерал-лейтенант ЛЯПИННІң, генерал-лейтенант КОКОРЕВТІң, генерал-майор КОРОТКОВТІң, генерал-лейтенант ПОЛЕНОВТІң, генерал-лейтенант МИКУЛЬСКИЙДІң, генерал-майор ХУДАЛОВТІң, полковник АСТАФЬЕВТІң, полковник КОРШУНОВТІң, полковник ПОЛУВЕСКИННІң, полковник ГРЕБЕНКИННІң, полковник ХРАМЦОВТІң, полковник КУРЕНЯНЫң, генерал-майор ЛЯШЕНКОНЫң, генерал-майор РАДЫГИННІң, генерал-майор БОРЩЕВТІң, генерал-майор ДМИТРИЕВТІң, генерал-майор ИГНАТЬЕВТІң, әскерлері; танк әскерлерінің генерал-лейтенанты ПАНФИЛОВТІң, генерал-майор ДРЕМОВТІң, полковник БАБАДЖАНЯНЫң, полковник МАЛЮТИННІң, полковник УРВАНОВТІң, подполковник ЕГОРОВТІң, подполковник КУЦЫН, подполковник РЯЗАНЦЕВТІң, подполковник НЕМКОВИЧТІң, подполковник ХАРИТОНОВТІң, полковник АНТИПОВТІң, подполковник КОРЖЕВСКИЙДІң, майор ЖАБИННІң, подполковник БАЛЫКОВТІң, танкшілері; артиллерия генерал-майоры БЕЗРУКТЫң, артиллерия генерал-майоры КАЗАКОВТІң, артиллерия генерал-майоры КОЗНОВТІң, артиллерия генерал-майоры РОГОЗИННІң, артиллерия генерал-майоры МАЛОФЕЕВТІң, полковник АЛФХРОВТІң, полковник КАТУНИННІң, полковник ГЕРАСИМЕНКОНЫң, полковник КИРГЕТОВТІң, полковник БЕЛЯКОВТІң, подполковник ЗЕРНОВТІң, подполковник АХТЫРЧЕНКОНЫң, полковник ГНИДИННІң, подполковник МУРИНОВТІң, подполковник АНАНИЧТІң, артиллерияшылары; авиация генерал-полковнигі ВЕРШИННІң, авиация генерал-майоры АЛЕКСЕЕВТІң, авиация генерал-майор БОРИСЕНКОНЫң, авиация генерал-майоры ГЕТЬМАНЫң, полковник ОСИПОВТІң, полковник ТИХОМИРОВТІң, полковник СМОЛОВИКТІң, полковник БУССТЫң, полковник ВОЛКОВТІң ұшқыштары; полковник НЕМИРОВСКИЙДІң, полковник КЛЕМЕНТЬЕВТІң, полковник ПЕТРОВСКИЙДІң саперлері; майор ТАРАСОВТІң, майор ЛИТОВЧЕНКОНЫң, майор КОЛОДЕЕВТІң байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің хұрметіне, аталған қалаларды алу ұрыстарында өте-өте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 12 мартта, 22 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбірекпен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, ТЧЕВ, ВЕЙХАРОВО және ПУЦКІ қалаларын алған 2-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз атынан хұрмет көрсетеді.

Аталған қалаларды азат ету ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 12 март.

№ 299.

Совет Хабаршы бюросынан

12 МАРТТАҒЫ ҰРЫСТАР МӘЛІМЕТІ

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, ДАНЦИГ пен ГДЫНЕНІң іргелеріндегі немістердің қорғанатын маңызды тіректі бекіністері—ТЧЕВ (ДИРШАУ), ВЕЙХАРОВО (НОЙШТАДТ) қалаларын алды, сөйтіп ГДЫНЕНІң солтүстік жағында ДАНЦИГ шығанағының жағалауына жетті де ПУЦКІ (ПУТЦИГ) қаласын алды. Мұнымен қатар, майдан әскерлері 100ден аса басқа елді жерлер де, оның ішінде КВАШИН, КОЛЛЕЦКАУ, РЕШКЕ, ГНЕВАУ, ГРОСС-ШЛАТАУ, ЗЕЛЛИСТРАУ, ПОЛЬЦИН, ВЕРБЛИН, ШЛАВОШИНЬ, ҚАРВЕН қыстақтарын алды.

11 мартта бұл ауданда немістердің 2000нан аса солдаты мен офицері қолға түсірілді.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері табан тірескен ұрыстардан кейін, 12 мартта, жол қатнастарының маңызды торабы және немістердің ОДЕР өзеніндегі БЕРЛИННІң іргелеріне қамал болған қорғанатын қуатты тіректі бекінісі—КИСТЖИНЬ (КЮСТРИН) қаласы мен қамалын тіке шабуылмен алды.

Венгрияда, БАЛАТОН көлінің солтүстік-шығыс және шығыс жағында әскерлеріміз дұшпанның жаяу әскерлері мен танктерінің ірі күштерінің атақаларын тойтара отырып, жауды орасан көп шығынға ұшыратты. 11 марттағы ұрыстарда бұл ауданда артиллериямыздың оғымен немістердің 54 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі жойылды, мұнымен бірге дұшпанның 27 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды және мина төселген алаңдарымызға соқтығып, талқандалды.

Майданның басқа учаскелерінде жергілікті маңызы бар ұрыстар болды және барлау жүргізілді.

11 мартта барлық майдандарда немістердің 168 танкі мен өздігінен жүретін зеңбірегі қыйратылды, жойылды. Әуе ұрыстарында және зенит зеңбіректерімен дұшпанның 102 самолеті атып түсірілді.

АВИАЦИЯМЫЗДЫҢ ДАНЦИГКЕ, ГДЫНЕ МЕН КЕНИГСБЕРГКЕ ШАБУЫЛЫ

12 мартқа қараған түнде ауыр бомбашыларымыз Данциг, Гдыне және Кенигсберг қалаларындағы соғыс-өнеркәсіп орындарына соққы берді. Бомбалау нәтижесінде аталған қалаларда өрттер шығып, взрывтар болды. Әсіресе Гдынедегі соғыс складтары ауданында және портта күшті взрывтар болды.

2-БЕЛОРУС майданының әскерлері шабуыл жасай отырып, ТЧЕВ (ДИРШАУ), ВЕЙХАРОВО (НОЙШТАДТ), ПУЦКІ (ПУТЦИГ) қалаларын алды.

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері табан тірескен ұрыстардан кейін, бүгін, 12 мартта, немістердің БЕРЛИННІң іргелеріне қамал болған қорғанатын қуатты тіректі бекінісі—КИСТЖИНЬ (КЮСТРИН) қаласы мен қамалын тіке шабуылмен алды.

Жоғарғы Бас қолбасшының БҰЙРЫҒЫ

1-Белорус майданы әскерлерінің қолбасшысы
Советтер Одағының Маршалы ЖУКОВҚА

Майдан штабының бастығы

Генерал-полковник МАЛИНИНГЕ

1-БЕЛОРУС майданының әскерлері табан тірескен ұрыстардан кейін, бүгін, 12 мартта, жол қатнастарының маңызды торабы және немістердің ОДЕР өзені бойындағы БЕРЛИННІң іргелеріне қамал болған қорғанатын қуатты тіректі бекінісі—КИСТЖИНЬ (КЮСТРИН) қаласы мен қамалын тіке шабуылмен алды.

КИСТЖИНЬ қаласы мен қамалын алу ұрыстарында генерал-лейтенант БЕРЗАРИННІң, генерал-майор ВАРФОЛОМЕЕВТІң, генерал-майор КУЩЕВТІң, генерал-майор ЖЕРЕБИННІң, генерал-майор ДОРОФЕЕВТІң, генерал-майор СЫЗРАНОВТІң, полковник ДЮБКОНЫң, подполковник КОЗЛОВТІң, подполковник ЧАЙКАНЫң, подполковник КУРҚАЦИШВИЛИДІң, полковник ФЕДОТОВТІң әскерлері; артиллерия генерал-майоры КОСЕНКОНЫң, артиллерия генерал-майоры БРЮХАНОВТІң, полковник ФИЛИПОВИЧТІң, полковник ПЕВНЕВТІң, полковник ГУТИННІң, полковник МЕНЬШИКОВТІң, полковник ЛОБАНОВТІң, полковник ПАВЛОВТІң, подполковник ЗУБОВТІң, полковник СОКОЛОВТІң, подполковник МИШИННІң, подполковник ЧЕРНЫШКОВТІң, подполковник АШИХМИННІң, подполковник СКВОРЦОВТІң, подполковник ЖОХОВТІң, полковник МИХАЙЛОВТІң, майор МАХМУДОВТІң, подполковник САЗОНОВТІң, артиллерияшылары; подполковник ЖИЛДЫң, подполковник СУЗДАЛОВТІң, танкшілері; полковник ФЕДОРЕНКОНЫң, полковник БЕРКАЛЬДІң, полковник ТИМОФЕЕВТІң, полковник КАЛИНИННІң, полковник ФЕДОРОВТІң ұшқыштары; полковник КУЗЬМИННІң, майор БЛОХИННІң, майор НОМЕРОВСКИЙДІң, майор БЛИНОВТІң саперлері; подполковник СТЕПАНОВТІң байланысшылары көзге түсті.

Қол жеткен жеңістің құрметіне КИСТЖИНЬ (КЮСТРИН) қаласы мен қамалын алу ұрыстарында өте-өте көзге түскен құрамалар мен бөлімдер ордендермен наградауға ұсынылсын.

Бүгін, 12 мартта, 23 сағатта Отанымыздың астанасы МОСКВА екі жүз жыйырма төрт зеңбірекпен жыйырма дүркін артиллерия оғын атып, КИСТЖИНЬ қаласы мен қамалын алған 1-БЕЛОРУС майданының айбынды әскерлеріне Отанымыз хұрмет көрсетеді.

КИСТЖИНЬ қаласы мен қамалын алу ұрыстарына қатысқан, Сіздердің басқаруларыңыздағы әскерлерге ұрыс қыймылдарын өте жақсы жүргізгені үшін АЛҒЫС ЖАРИЯЛАЙМЫН.

Отанымыздың бостандығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыстарда қаза тапқан батырлардың даңқы мәңгі өшпесін!

Неміс басқыншыларға өлім келсін!

Жоғарғы Бас қолбасшы

Советтер Одағының Маршалы И. СТАЛИН.

1945 жылғы 12 март.

№ 300

2-Белорус майданының әскерлері ойдағыдай шабуыл жасауда болды. Данцигтің оңтүстік іргелерінде совет бөлімдері темір жолдардың ірі торабы және немістердің қорғанатын күшті тіректі бекінісі—ТЧЕВ (ДИРШАУ) қаласын алды. Дұшпан бұл ауданда жаяу әскерлерінің ірі күштерін шоғырландырып, әлде неше рет қарсы атака жасауда. Алдыңғы бөлімшелеріміз жаудың қарсы атақаларын тойтарды, ал негізгі күштеріміз орағына әдіс жасап, дұшпанды екі жақ қанаттан қауырт соққы берді. Жаудың әскер тобына қоршауда қалу хау пі туды. Немістер қару-жарақтары мен оқ-дәрілерін тастап, тозғындар кері шегінді. Екінші бір учаскеде жүздеген құрамаларымыз бен жаяу әскерлеріміз немістердің талқандалған әскер бөлімдерін өкшедете қуа отырып, жедел алға басты. Сөйтіп Вейхарово (Нойштадт) қаласының батыс жақ шет аймақтарына жетті. Немістер баррикадалар мен тас үйлерге сүйеніп, жанталаса қарсылық көрсетті. Жаяу әскерлеріміз бен танктеріміз дұшпанның қарсылық көрсету тораптарын жойып, Вейхарово қаласын алды. Майдан әскерлері табысты дамыта отырып, 25 километр алға басты, сөйтіп жауға қауырт шабуыл жасап, Данциг шығанағының жағалауындағы Пуцкі (Путциг) қаласын алды. Бір күні шабуылда 100ден аса басқа елді жерлер, оның ішінде Гдынеден 10 километр жердегі тас жолдардың торабы—Квашин қыстағы алынды. Немістердің қолында Данциг шығанағының жағалауындағы тар алаң қалды. Дұшпан әскерлеріміздің берген соққысы астында кері шегініп бара жатып, орасан көп шығынға ұшырауда. Қыстақтардың көшелерінде, жол бойында жаудың мылдаған өліктері жатыр. Бөлімдеріміз жаудан 34 танк пен өздігінен жүретін зеңбірек, 11 бронетранспортер, 127 дала зеңбірегі, 6 самолет, 1800 ат-шана, 2600 ат, 15 темір жол эшелоны және басқа көптеген олжа қолға түсірілді.

1-Белорус майданының әскерлері бүгін Кистжинь (Кюстрин) қаласы мен қамалын тіке шабуылмен алды. Бұл қала Варта өзенінің Одерге құятын жерінде және ол—Берлиннің іргелеріне қамал болған қуатты тіректі бекініс. Соңғы жылдары қамалдың бекіністері аса мықты темір-бетоннан жасалған қорғану жабдықтары мен нығайтылған болатын. Бұдан бірнеше күн бұрын әскерлеріміз Кюстрин үшін ұрыстар бастады. Қуатты артиллерия дайындығынан кейін, совет танктері мен жаяу әскерлері жауға қауырт соққы беріп, қаланың солтүстік іргесіндегі Нойштадты алды, сөйтіп қаланың шет аймақтарына басып кірді. Кескілескен көше ұрыстары басталды. Немістер барлық тас үйлерді атыс бекіністеріне айналып, қаланың көшелерінде айнала мина төселген алаңдар жасап, баррикадалар құрды және танкке қарсы оқтар қазды. Артиллерияшыларымыз жаудың қарсылық көрсету тораптарын талқандап, жаяу әскерлерімізге қол ашуда болды. Дұшпан адам күші жағынан орасан көп шығынға ұшырай отырып, бір кварталдан соң екінші кварталды тастап шығуға мәжбүр болды. Совет бөлімдері гитлершілдерді темір жол станциясы мен соғыс заводтары ауданынан қуып шығарып, жаудан 5 дала зеңбірегі мен оқ-дәрі қойған көп склад қолға түсірді. Бүгін әскерлеріміз дұшпанның қоршауға алынған гарнизоны талқандауды аяқтап, қада мен қамалды толық алды. Жаудан көп адам қолға түсірілді.

ССРО Халык Комиссарлары Советінде

Дәнді егістердің тұқымын өсіруді жақсарту туралы

ССРО Халык Комиссарлары Советі 1937 жылы құрылған тұқым өсіру шаруашылықтарының (селекция станциялары, аудандық тұқым шаруашылықтары, колхоздардың, совхоздардың тұқым учаскелері, Мемлекеттік сортты тұқым қоры, Мемлекеттік сақтық қоры тұқым сортын сынайтын орындар) өздеріне жүктелген міндетті ақтағанын ысынаттайды. Бұл шаруашылықтар негізінде, дәнді егістердің тұқымын өсіру ісін жақсарту жөнінде көп жұмыс істелді. Мұның нәтижесінде колхоздарда сортты егіс көлемі 1937 жылғы 42 проценттен 1940 жылы 84 процентке жетті: селекция станциялары дәнді егістердің мол өнім беретін жаңа сорттарын жетілдірумен қабат жыл сайын 1,5 миллион пұттай жақсы элитті тұқым өндіріп келеді. 2000дай аудандық тұқым шаруашылығы, колхоздар мен совхоздардың тұқым учаскелерін қамтамасыз ету үшін, жыл сайын 15 миллион пұттан аса сортты тұқым өсіріп, мемлекеттік сортты тұқым қорына беріп келеді.

Мұнымен қатар, ССРО Халык Комиссарлары Советі бірсыпыра облыстар мен өлкелерде, жергілікті жер мекемелері мен совет орындарының бұл аса маңызды жұмысқа жете көңіл бөлмегендіктен, соңғы жылдарда сортты тұқым егісі азайғанын атап көрсетеді. Көп колхоздар мен совхоздарда тұқым өсіру жұмысы әлі де ойдағыдай дәрежеге жеткізілген жоқ. Тұқым учаскелерінде жер өңдеу және егісті баптау жұмыстарының жоғарғы дәрежелі агротехника бойынша жүргізілуі жетілдірілген.

Жұмыстарында көбінесе несіздік болып келеді. Тұқым учаскелерінен жыйналған тұқымды пайдалану жөнінде ССРО Халык Комиссарлары Советі мен БК(б)Ш Орталық Комитеті белгілеген тәртіп дұрыс қолданылмай келеді.

ССРО Халык Комиссарлары Советі совет селекционерлерінің жаңадан жетістірген және келешегі зор дәнді егіс сорттарының қолданылуы өте шабан екенін атап көрсетеді.

Селекция станцияларының ғылыми табыстары, сортты тұқым учаскелерінің тәжірибелері соңғы жылдарда жарыяланбай және колхоздар мен совхоздардың, агроном жұртшылығының игілікті ісіне айналдырылмай келеді.

Тұқым өсіру шаруашылығы әсіресе немістердің шапқыншылығына ұшыраған (селекция станциялары, аудандық тұқым шаруашылықтары, тұқым сортын сынайтын учаскелер) аудандар, тұқым өсіру жұмысы бүлінген жерлерде, сортты тұқым өсіру шаруашылығы өте-мөте бүлінген.

Ауыл шаруашылық егістерінің өнімін арттырудың аса маңызды шарты ретінде, колхоздар мен совхоздарда сортты тұқым егістерін қалпына келтіру және көлемін кеңейту мақсатымен ССРО Халык Комиссарлары Советі ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. ССРО Жер Халык Комиссариатына, ССРО Совхоздар Халык Комиссариатына, ССРО Тамақ өнеркәсібі Халык Комиссариатына, республикалардың халык комиссарлары советтеріне, өлкелік атқару комитеттеріне, облыстық атқару комитеттеріне 1945 және 1946 жылдардың ішінде сортты дәнді егістерді соғысқа дейінгі қалпына келтіру міндет етілсін, мұның үшін ең алдымен селекция станциялары, тұқым сортын сынайтын учаскелер және тұқым өсіретін аудандық шаруашылықтар қалпына келтірілсін.

2. Республикаларда, өлкелер мен облыстарда колхоздар мен совхоздар үшін сортты дәнді егістердің жоспары 1945 жылға колхоздар мен совхоздардың барлық егісінің мынадай проценті мөлшерін белгіленсін:

Алтай өлкесі	65
Архангель облысы	65
Астрахань облысы	55
Башкұрт АССР	80
Брянскі облысы	50
Бурят-Монгол АССР	55
Великие Луки облысы	50
Вологда облысы	65
Владимир облысы	80
Воронеж облысы	70
Горький облысы	80
Грозный облысы	65
Дағыстан АССР	65
Иванов облысы	80
Иркут облысы	55
Кабарда АССР	50
Калинин облысы	75
Калуга облысы	45
Кемерово облысы	70
Киров облысы	80
Коми АССР	45
Кобтрома облысы	75
Краснодар өлкесі	75
Краснояр өлкесі	75
Кырым АССР	60
Куйбышев облысы	70
Курган облысы	75
Курскі облысы	50
Ленинград облысы	65
Мари АССР	50
Молотов облысы	75
Мордва АССР	70
Москва облысы	70
Новгород облысы	60
Новосібір облысы	70
Омскі облысы	60
Орел облысы	60
Пенза облысы	70
Приморье өлкесі	60
Ростов облысы	75
Рязань облысы	70
Саратов облысы	75
Свердлов облысы	85
Солтүстік-осетин АССР	70
Смоленскі облысы	55
Ставрополь өлкесі	75
Сталинград облысы	70
Тамбов облысы	75
Татар АССР	75
Томскі облысы	60
Тула облысы	50
Тюмень облысы	50
Удмурт АССР	75
Ульянов облысы	65
Хабаровскі өлкесі	70
Челябі облысы	65
Чита облысы	60
Чкалов облысы	82
Чуваши АССР	80
Якут АССР	45
Ярославль облысы	80
Азербайжан ССР	83
Армян ССР	75
Белорус ССР	55
Грузин ССР	95
Қазақ ССР	60
Карел-Фин ССР	25
Кыргыз ССР	55
Молдаван ССР	50
Тәжік ССР	95
Түркия ССР	85
Өзбек ССР	55
Украин ССР	65

3. Сортты егістерді негұрлым тез қалпына келтіру және сортты тұқым егісін мұндай тұқымды айырбастап алатын колхоздарға жақындату мақсатымен, негізінде дәнді егістер егетін әрбір әкімшілік ауданда өзінің тұқым өсіретін шаруашылығы болу керек. Бұл шаруашылық сол ауданға тән жер-ауа жағдайы жағынан қолайлы жерде және оған жататын колхоздардың орталығында болу керек.

Жер-ауа жағдайы әртүрлі болып келген аудандарда жеке реттерде тұқым өсіретін екі шаруашылықтың құрылуына, ал жер-ауа жағдайы бірдей кішкене аудандарда екі ауданға бір тұқым шаруашылығы құрылуына рұхсат етілсін.

ССРО Жер Халык Комиссариатына, республикалардың халык комиссарлары советтеріне, өлкелік, облыстық атқару комитеттеріне 1945 жылы жаңадан 921 аудандық тұқым өсіру шаруашылығын ұйымдастыру міндет етілсін, бұл шаруашылықтар республикаларға, өлкелер мен облыстарға мына түрде бөлінсін:

Алтай өлкесі	10
Архангель облысы	7
Астрахань облысы	4
Башкұрт АССР	10
Брянскі облысы	7
Бурят-Монгол АССР	2
Вологда облысы	2
Владимир облысы	1
Воронеж облысы	20
Горький облысы	5
Грозный облысы	7
Дағыстан АССР	10
Иванов облысы	4
Иркут облысы	2
Кабарда АССР	5
Калинин облысы	4
Калуга облысы	5
Кемерово облысы	2
Киров облысы	7
Коми АССР	4
Кострома облысы	2
Краснояр өлкесі	10
Кырым АССР	10
Куйбышев облысы	7
Курскі облысы	20
Ленинград облысы	15
Мари АССР	8
Молотов облысы	4
Мордва АССР	16
Новгород облысы	20
Омскі облысы	5
Орел облысы	10
Пенза облысы	5
Псков облысы	20
Приморье өлкесі	13
Рязань облысы	10
Саратов облысы	20
Свердлов облысы	5
Солтүстік-осетин АССР	2
Ставрополь өлкесі	20
Сталинград облысы	10
Татар АССР	17
Томскі облысы	3
Тула облысы	4
Тюмень облысы	5
Ульянов облысы	11
Хабаровскі өлкесі	8
Челябі облысы	3
Чита облысы	10
Чкалов облысы	10
Чуваши АССР	10
Якут АССР	5
Ярославль облысы	3
Азербайжан ССР	15
Армян ССР	10
Белорус ССР	75
Грузин ССР	15
Қазақ ССР	41
Карел-Фин ССР	2
Кыргыз ССР	27
Тәжік ССР	20
Түркия ССР	10
Өзбек ССР	60
Украин ССР	200

Республикамыздың халык комиссарлары советтеріне, өлкелік, облыстық атқару комитеттеріне екі айдың ішінде жоғарыда көрсетілген мөлшерде таңдаулы колхоздар мен совхоздарды іріктеп белгілеп, оларды аудандық тұқым шаруашылықтары етіп бекіту үшін ССРО Жер Халык Комиссариатына ұсыну міндет етілсін.

4. Тұқым өсіретін совхоздар — аудандық тұқым шаруашылықтары 175 шаруашылық мөлшерінде бекітілсін, оның ішінде: ССРО Совхоздар Халык Комиссариатына 52, РСФСР Совхоздар Халык

Комиссариатына 39, УССР Совхоздар Халык Комиссариатына 47, БССР Совхоздар Халык Комиссариатына 3. Қазақ ССР Совхоздар Халык Комиссариатына 3, ССРО тамақ өнеркәсібі Халык Комиссариатына 31 шаруашылық.

5. Республикалардың Халык Комиссарлары Советтеріне, облыстық (өлкелік) атқару комитеттеріне және ССРО Жер Халык Комиссариатына 1945—46 жылдарда жаңадан құрылатын аудандық тұқым шаруашылықтарын жерге орналастыру, оларда екіне шөптермен және қара пармен ауыстырылып отыратын дұрыс ауыспалы егіс тәртібін енгізу және ауыспалы егіс тәртібі бұзылған аудандық тұқым шаруашылықтарында ауыспалы егісті қалпына келтіру міндет етілсін. Егіс көлемі жөнінде аудандық тұқым шаруашылықтарына берілетін тапсырмалар мұнан былай қабатданған ауыспалы егіс тәртібіне дәлмедел сәйкес жоспарлансын. ССРО Жер Халык Комиссариаты аудандық тұқым шаруашылықтарына 1945 жылғы егіс үшін жеткілікті екіне шөп тұқымын сатып берсін.

6. Әрбір аудандық тұқым шаруашылығында сортты тұқым өсіру жоспарын және колхоздар мен совхоздарда сортты тұқымды жаңалау жоспарын жыл сайын аудандық атқару комитеттері қарайтын болсын, бұған аудандық жер бөлімінің бас агрономы, тұқым өсіруші агрономы және аудандық тұқым шаруашылықтары мен тұқым сортын сынайтын учаскелердің агрономдары міндетті түрде қатыстырылатын болсын, бұл жоспарлар 15 ноябрьден кешіктірмей облыстық (өлкелік) атқару комитеттері мен республикалар-дың комиссарлары советтеріне тапсырылып отырылатын болсын, ал аудандарда сортты тұқым өсіру және сортты тұқымды жаңалау жоспарларын тиісті республикалардың халык комиссарлары советтері, өлкелік (облыстық) атқару комитеттері қарайтын болсын, бұған селекция станциялары мен совхоз тресінің директорлары, дәнді егістердің сортты тұқымын сынайтын мемлекеттік комиссиялардың инструкторлары, Мемлекеттік сортты тұқым қоры контроларының бастықтары және облыстық негізгі агроном қызметкерлері міндетті түрде қатыстырылсын, бұл жоспарлар 15 декабрьден кешіктірмей ССРО Жер Халык Комиссариатының бекітуіне тапсырылатын болсын.

7. Республикалардың халык комиссарлары советтеріне, өлкелік, облыстық атқару комитеттеріне, ССРО Жер Халык Комиссариатына, ССРО Совхоздар Халык Комиссариатына және ССРО Тамақ өнеркәсібі Халык Комиссариатына 1945 жылы аудандық тұқым шаруашылықтарының, колхоздар мен совхоздардың тұқым учаскелерінің сортты дәнді егістерін, Мемлекеттік сортты тұқым қорынан алынған сортты тұқым себілген егістердің бәрін тайпшы сорттардың барлық егісін, сол сияқты Мемлекеттік сортты тұқым қоры мен Мемлекеттік сақтық қорына сортты тұқым тапсыру жоспарының орындалуын қамтамасыз ететін мөлшерде колхоздар мен совхоздардың жалпы егісін барлығы 28,1 миллион гектар жердің егісін сынан өткізу міндет етілсін.

Егер сынау мәліметтері бойынша, тұқымдық учаскелердің өнімі тұқымға жарамсыз болып табылса ол уақытта шаруашылық сынаушының қатысуымен, тұқым үшін, өзінің жалпы егісі есебінен тұқымдық сапасы жақсы және негұрлым өнімді, көлемі жағынан бірдей басқа бір учаске бөлуге право.

Мұндай тұқымдық учаскені тек ерекше реттерде, әрдайым аудандық атқару комитетінің бекітуі бойынша ауыстыруға болады және мұндай тұқымдық учаске тиісті егістерді жыйнау жұмыстарының (Жалғасы 3-бетте).

Дәнді егістердің тұқымын өсіруді жақсарту туралы

(Соңы. Басы 2-бетте).

басталуынан кемінде он күн бұрын бөлінеді.

8. Колхоздарда тұқым учаскелер бөлу-дің мұнан бұрын белгіленген тәртібі және мөлшері сақталсын.

Көктемгі бидай егісінің көлемін негүр-лым тез қалпына келтіру мақсатымен ерекшелік ретінде, Иркут, Кемерово, Куй бышев, Курган, Новосібір, Омскі, Пенза, Саратов, Тамбов, Томскі, Тюмень, Улья-нов, Челябині, Чкалов, Чита облыстарының,

Алтай, Краснояр, Хабаровскі өлкелерінің, Башкұрт, Татар АССРларының және Қа-зақ ССРның колхоздары үшін 1945 жыл-ғы жаздық бидайдың тұқым учаскелері-нің мөлшері сол егістің жалпы көлемінің 20 проценті мөлшерінде белгіленсін.

Ерекшелік ретінде, немістердің шаңқын шылығынан азат етілген аудандарда тұ-қым учаскелерінің мөлшері іс жүзінде етінің көлемінің мынадай проценті көле-мінде белгіленсін:

Облыстардың аттары	Күздік егістер	Көктемгі бидай	Сұлы	арпа
Белорус ССР	19	20	20	20
Брянскі облысы	18	19	20	18
Великие Луки облысы	17	18	17	18
Воронеж облысы	20	20	18	18
Кярол-Фин ССР	17	20	20	20
Калинин облысы	15	18	17	16
Крјснодар өлкесі	18	19	16	15
Курскі облысы	20	20	18	18
Қырым АССР	18	18	16	16
Ленинград облысы	18	19	20	19
Новгород облысы	18	19	20	19
Орлов облысы	20	20	20	19
Псков облысы	19	20	20	20
Ростов облысы	16	20	16	15
Смоленскі облысы	19	20	18	19
Ставрополь өлкесі	17	18	17	15
Сталинград облысы	20	20	17	16
Украин ССР	19	20	16	16

9. Тұқымдық учаскелерде барлық егіс жұмыстары ең жақсы агротехникалық мерзімдерде мейлінше сапалы өткізілуі қамтамасыз етілсін. Тұқымдық учаскелер-ге аудандастырылған сорттардан таңда-лып алынған тұқым себілсін. Егістің арам шөбін отау міндетті шара болып саналсын. Тұқымдық учаскелердің өнімі жалпы егіс-тердің өнімінен бөлек жыйналсын. Тұқым-дық учаскелерден бастырылған астықтың бәрі дереу тазартылып, өлшеніп, оған акт жасалып, арнап бөлінген астық қой-маларында сақталатын болсын, оның бас-қа сорттармен араласуына жол берілме-сін.

10. ССРО Жер Халық Комиссариатына ССРО Совхоздар Халық Комиссариаты мен ССРО Тамақ Өнеркәсібі Халық Ко-миссариатына, Архангельскі, Вологда, Ленинград, Киров, Свердлов, Горький, Ка-линин, Иванов, Ярославль, Смоленскі, Омскі, Новосібір, Кемеров, Курган, Челя-бі, Молотов, Иркут, Псков, Томскі және Тюмень облыстарының, Краснояр, Алтай, Хабаров және Приморье өлкелерінің, Ко-абй, Бурят-Монгол, Мари, Удмурт, Якут, Чуваш, Татар, Мордәвия, Башкұрт, АССР-ларының, Карел-Фин, Белорус, Қазақ ССРларының (Шығыс-Қазақстан, Қостанай, Солтүстік Қазақстан, Павлодар об-лыстары) республикалық халық комис-сарлары советтеріне өлкелік (облыстық) атқару комитеттеріне 1945—46 жылда-ры ішінде колхоздар мен совхоздарда күздік егістердің ауысып отыратын тұ-қым қорларын жыйнауды қамтамасыз ету, сөйтіп аталған облыстарда, өлкелер мен республикаларда күздік егістерге өт-кен жылғы етінің тұқымын себүді берік тәртіпке айналдыру міндеттелсін.

Күздік егістен ауысып отыратын тұ-қым қорларын тұқымдық учаскелерден жыйналатын болсын, ал тұқымдық учас-кеден жыйнаған өнім жеткіліксіз болған жағдайларда, колхоздар мен совхоздар мемлекет алдындағы міндеттемелерін орындағаннан кейін жалпы сортты егіс-тен жыйналған астықтан құйылатын бол-сын.

11. ССРО Жер Халық Комиссариаты мен ССРО Тамақ Өнер Кәсібі Халық Ко-миссариатына 1945 жылы мемлекеттік селекция станциялары мен элит тұқым шаруашылықтарын да элит тұқымын өн-діру мөлшерін 200мың центнерге дейін

жеткізу, оның ішінде ССРО Жер Халық Комиссариатының селекция станцияла-рында 188 мың центнер, ССРО Тамақ Өнер Кәсібі Халық Комиссариатының се-лекция станцияларында 12 мың центнер тұқым өндіру міндеттелсін.

12. ССРО Жер Халық Комиссариатына 1945 жылы әрбір мемлекеттік селекция станциясында суперэлит тұқымының сақ-тық қорын жылдық керекті мөлшердің 30 процентіне дейін жеткізуге ал 1946 жылы сақтық қор мөлшерін суперэлит тұқымының жалпы керекті мөлшерінің 50 процентіне дейін жеткізуге рұхсат етілсін.

13. Республикалардың Халық Комис-сарлары Советтеріне, өңбекшілер депутат тарының облыстық атқару комитеттеріне және ССРО Жер Халық Комиссариатына неміс басқыншылары болған аудандарда мемлекеттік селекция станциялар мен сорт сынаушы учаскелердің жұмысын бұрынғы қалпына келтіру міндеттелсін.

14. Дәнді егістердің таңдаулы сорта-рын тезірек көбейту және қолдану, аудан-дық тұқым шаруашылықтарының тұқым учаскелерін элит тұқымымен қамтамасыз ету мақсатында ССРО Жер Халық Комис-сариатына селекция станциялары өндіріп отыратын элит тұқымымен қамтамасыз етілген аудандарда элит тұқымын таңдау-лы колхоздар мен совхоздарда өсіру ісін ұйымдастыруға рұхсат етілсін.

Республикалардың халық комиссарла-ры советтеріне, өлкелік, облыстық атқа-ру комитеттеріне осы мақсат үшін 65 шаруашылықты іріктен алу, сөйтіп олар-ды 1945 жылғы 25 мартқа дейін ССРО Жер Халық Комиссариатының бекітуіне ұсыну міндеттелсін.

15. Элит—тұқым шаруашылығы ұйым-дастырылатын әрбір колхоз бен совхозда тұқым өсіруші агроном (элит учаскесінің бастығы) және бір агротехник болсын, олардың жалақысы одақтық бюджеттен берілетін болсын.

Элит тұқымын өсіретін учаскенің бас-тықтарының жалақысы сорт сынаушы учаскелердің бастықтарының жалақыла-рымен бірдей болсын.

16. Колхоздарда элит тұқымын өсіру жұмысына басшылық ету міндеті облыс-тардың (өлкелердің) жер бөлімдері мен республикалардың жер халық комисса-риаттарының сортты тұқым басқармалы-

рына жүктелсін. Элит тұқымын өсіретін колхоздарға ғылым-методика жағынан көмектесу мемлекеттік селекция станция-ларына жүктелсін.

17. Колхоздар мен совхоздар өсірген элит тұқымы Мемлекеттік сортты-тұқым қорының складына толық өткізілетін бол-сын.

Элит тұқымын өсіруші колхоздарға мы-надай жеңілдіктер берілсін:

а) колхоздар Мемлекеттік сортты тұ-қым қорына міндетті түрде тапсырыла-тын астық және заттай ақы есебіне өт-кізген бірінші класты элит тұқымының әрбір пұты бір пұт 20 қадаққа есентел-сін, міндеттемеден және заттай ақыдан тыс тапсырылған элит тұқымының әрбір пұтына астық дайындау орындарының складтарынан бір пұт 20 қадаққа азық-түлікке жарамды жәй астық берілсін;

б) колхоздар мен совхоздар элит тұқы-мын өсіретін шаруашылықтарында өсір-ген элит тұқымына ақы мемлекеттік се-лекция станциялары үшін белгіленген мөлшерде төленетін болсын.

18. Болашағы зор және өнімді мол бе-ретін жаңадан шығарылған сорттарды тезірек көбейту және өндірісте қолдану мақсатында, мемлекеттік селекция стан-цияларына мемлекеттік сорт сынаушы орындарға тұқым сорттарын өткізумен қабат колхоздар мен совхоздарда олармен келісе отырып, тұқымды алдын ала өн-діріп, оған өндірістік баға беру тәжірибе-сін ұйымдастыру міндеттендірілсін.

Мемлекет сортты тұқым қорына колхоз-дардан жаңа бағалы сорттардан өсірілген тұқымды қабылдағанда, оны аудандық тұқым шаруашылықтары үшін белгілен-ген шарттарға сәйкес қабылдауға рұх-сат етілсін. Жаңа сортты аудандастыр-ғаннан кейін ССРО Жер Халық Комисса-риаты бұл сорттың тұқымын селекция станцияларында, аудандық тұқым шаруа-шылықтарында тағы басқа колхоздарда егіп көбейту жұмысын ұйымдастырсын, мұндай тұқымы Мемлекеттік сортты тұ-қым қоры тек аудандық тұқым шаруа-шылықтарынан ғана емес, басқа колхоз-дардан да даярлайтын болсын.

19. ССРО Халық Комиссарлары советі-нің 1937 жылғы 29 июньдегі № 1018 қаулысының 14 пунктына мынадай қо-сымша енгізілсін: мол өнім беретін және басқа хасеттері жағынан болашағы зор дәнді егістің, дәнді бұршақты егістердің, майлы егістер мен шөптердің жаңа сор-тын шығарған селекционерлерге, сол сияқты қазіргі пайдаланылып, келе жат-қан сорттарды жақсартқан селекционер-лерге 10 мыңнан 100 мың сомға дейін бір жылғы сыйлық берілетін болсын.

Бұл сыйлық 1945 жылдан бастап, ССРО Жер Халық Комиссарының бұйры-ғы бойынша, 1937 жылдан кейін аулан-дастырылған және дәнді егіс жөнінен етілген егістің көлемі кемінде мың гек-тарға жеткен, дәнді-бұршақты егістер мен майлы егістер немесе шөп егістері жөнінде кемінде 200 гектарға жеткен сорттар үшін берілетін болсын.

20. ССРО Жер Халық Комиссариатына 1945 жылғы марттан бастап айында бір рет шығарылатын «Селекция және тұ-қым шаруашылығы» деген ғылыми-өнді-рістік журналы шығару ісін қайта бастауға рұхсат етілсін. Оның тиражы 10 мың дана, көлемі 5 баспа табақ мөлше-рінде болсын.

В. И. Ленин атындағы Бүкіл Одақтық Ауыл шаруашылық ғылымдары Академия-сына ғылыми теориялық «Агробология» журналы тағы шығарын тұруға рұхсат етілсін. Оның тиражы 10 мың дана кө-лемі 10 баспа табақ мөлшерінде болсын.

Журнал 2 айда бір рет шығарылып тұр-сын.

21. Колхоздар мен совхоздардың тұқым-дық учаскесіне себуге керекті жоғары сапалы сортты тұқымдармен колхоздар-дың керекін үздіксіз өтеп отыру мақса-тында ССРО Жер Халық Комиссариатына 1945 жылы белгіленген мөлшерде сортты тұқымдардың мемлекеттік қорын дайын-дау, сол сияқты 1945—46 жылдар ішін-де сортты жаңартып отыру жоспарына сәйкес аудандық тұқым шаруашылықта-рының, колхоздар мен совхоздардың тұ-қым учаскелерін қамтамасыз етудің жыл-дық мөлшерінің 30 проценті көлемінде элит және екінші рет өндірілген тұқым-дарының сақтық қорын жасау міндеттел-сін.

22. Колхоздар мен совхоздардың тұ-қымдық учаскелеріндегі егістерді қуаң-шылықтан, суықтан, үсуден сақтау үшін Дайындау Халық Комиссариатына 1945 жылы Мемлекеттік сақтық тұқым қорын да дәнді егістердің сортты тұқымын құю мөлшерін белгіленген дәрежеге жеткізу міндеттелсін.

Мемлекеттік сақтық қорына өртүрлі егістерден сортты тұқымдар құюдың мөл-шерін жыл сайын ССРО Жер Халық Ко-миссариаты мен Дайындау Халық Комис-сариаты белгілеп отыратын болсын. Мем-лекеттік сақтық қорына тек сыналған егістердің ғана сортты тұқымы құйыла-тын болсын.

Дәнді егістердің сортты тұқымының мемлекеттік сақтық қоры егістен басқа мақсаттардың еш біріне жұмсалмайтын болсын.

23. Колхоздарда, совхоздарда, дайын-дау пункттерінде сортты тұқымның сана-сына, сақтауына, егіске әзірленуіне мемлекеттік бақылауды күшейту мақса-тында және ССРО жерін ауыл шаруашы-лығының зыңды жәндіктері басудан сақ-тау мақсатында, аурулардан, зыңды арам шөптерден сақтау мақсатында, ССРО Жер Халық Комиссариатына өсім-діктерге карантин жасайтын орындары ССРО Жер Халық Комиссариатының тұ-қым бақылау лабораториясымен біріктіру-ге, сөйтіп бұлардан ауыл шаруашылық өсімдіктерінің тұқымын бақылайтын жо-не оған карантин жасайтын бір ыңғай мемлекеттік инспекция жасауға рұхсат етілсін.

24. Тұқымды бақылайтын және ауыл шаруашылық өсімдіктеріне карантин жа-сайтын мемлекеттік инспекцияға қазіргі кезде тұқым-бақылау лабораториялар орындары және ішкі, сыртқы карантин орындары атқаратын жұмыстарды атқа-рып отыру жүктелсін.

ССРО Жер Халық Комиссариатына бір ай мерзімнің ішінде тұқымды бақылау және ауыл шаруашылық өсімдіктеріне карантин жасау жөніндегі мемлекеттік инспекция туралы Ережені бекіту тап-сырылсын.

25. Тұқымды бақылау және карантин жасау жөніндегі мемлекеттік инспектор-лардың, орталық лабораториялардың, сол сияқты республикалық, өлкелік, облыстық инспекторлардың, лабо-раториялардың жер қыртысын бақылау учаскелерінің таможня және порттар ин-спекцияларының штаты мемлекеттік одақ-тық бюджетте қалдырылсын. Аудандық инспекциялардың, лабораториялардың штаты тиісті республиканың, өлкенің, об-лыстың бюджетінде болатын болсын.

26. Тұқым шаруашылықтарын селек-ция және тұқым өсіру жұмыстарын жүр-гізетін маман кадрлармен тезірек қамта-масыз ету мақсатында ССРО Жер Халық Комиссариатында 1945 жылы Ленинград,

(Жалғасы 4-бетте).

ССРО Халық Комиссарлары Советінде

Дәнді егістердің тұқымын өсіруді жақсарту туралы

(Соңы. Басы 2-3-беттерде).

Воронеж және Белорус ауыл шаруашылығы институттарының агрономиялық факультеттері жанынан селекция және тұқым өсіру бөлімшелерінің жұмысын бұрынғы қалпына келтіру және 1945 жылы Омскі, Иркут ауыл шаруашылығы институттарында селекция және тұқым өсіру бөлімшелерін ұйымдастыру міндеттелсін.

27. ССРО Жер Халық Комиссариатына В. И. Ленин атындағы Бүкіл Одақтық Ауыл шаруашылығы ғылымдары Академиясының жанынан селекция станцияларының мамандарының білімін көтеретін тұқым өсіру және селекция жөнінде бір жарым айлық күрестер ұйымдастыруға, сөйтіп 1945 жылы бұл күрестер арқылы кемінде 150 адамның білімін толықтыруға рұқсат етілсін.

28. ССРО Жер Халық Комиссариатына облыстық (өлкелік) атқару комитеттеріне, республикалардың халық комиссарлары советтеріне ауыл шаруашылығының жоғары мектептері жанынан және селекция станцияларында аудандық тұқым шаруашылықтары мен сорт сынаушы учаскелерге тұқым өсіруші техниктер даярлайтын 6 айлық күрестер ашу, бұл күрестер арқылы 1945 жылы кемінде 1,500 адам даярлап шығаруы міндеттелсін.

Көрсетілген күрестерге орта мектептің кемінде 7 класы мөлшерінде білімі бар және ауыл шаруашылығында істеген тәжірибесі бар мамандар алынатын болсын.

Алты айлық күрестің оқушылары айына 150 сом мөлшерінде стипендия алатын болсын.

29. ССРО Финанс Халық Комиссариатының финансы жоспарында селекция және тұқым шаруашылығы жөнінде кадрлар даярлау, олардың білімін көтеру шараларын өткізуге хажетті қаржы белгілеу міндеттелсін.

30. Селекция станциялары мен Мемлекеттік сортты тұқым қорының материалдық-техникалық базаларын қалпына келтіру мақсатында ССРО Жер Халық Комиссариатына 1945 жылғы II-III тоқсандарда селекция станциялары мен Мемлекеттік сортты тұқым қорына белгіленген мөлшерде жүк машиналары мен СТЗ —НАТИ тракторларын бөлу міндеттелсін.

31. ССРО Жер Халық Комиссариатына, республикалардың халық комиссариаттары советтеріне, облыстық (өлкелік) атқару комитеттеріне 1945 жылы сортты тұқымдар сақтайтын жалпы көлемі 25 мың тонналық 60 қойма салу, сонымен қатар астық тазартатын 745 ВМ—2 машинасын жөндеуді, қалпына келтіруді, қамтамасыз ету міндеттелсін.

АУДАНДА БІРІНШІ

Жетіқара ауданының (Қостанай облысы) алдыңғы қатарлы Қызылтулы Ворошилов атындағы колхозы көктемгі егіске дайындалу жұмысын ауданда бірінші болып аяқтады. Колхоз үстізіндегі жылы негізгі—бидай және арпа егістерін тек тың және тыңайтылған жерге еңбек.

Тұқым толық тазартылып, егістік сәнасы тексерілді. Тыңайтқыш заттарды егіс даласына тоғу жұмысы аяқталуға жақын. Барлық ауыл шаруашылық құрал-саймандары жөнделіп, егіс бригадаларына акты бойынша тапсырылды.

(ҚазТАГ).

ОЗАТ КОЛХОЗ

ҚОСТАНАЙ. Федоров ауданының Буденный атындағы тұқым шаруашылығы өткен жылы дәнді егістің гектарынан 9 центнерден өнім алды. Кейбір учаскелерден 100 пұттан өнім алынды. Диканованың звероосы сұяғын гектарынан 25 центнерден өнім алды.

Колхоз мемлекет алдындағы міндеттемесін аброймен орындады. Қызыл Армия қорына 800 пұт астық беріп, көктемгі егіске өте жақсы сортты тұқым дайындады.

Буденныйлықтар Алматы облысының

Калинин атындағы ауыл шаруашылық артельнің үндүн естігеннен кейін, олар республикамыздың 25 жылдығы хұрметіне жарысқа түсуді ұйғарды. Колхозшылар 1810 гектар дәнді егіс егуге, егісті жоғары агротехникалық дәрежеде, қысқа мерзімде аяқтауға міндеттеме алды. Малшылар бір сауын сыйырдан 1200 литрден сүт алып, жынық басын көбейтуге, ірі қара мал мен қой бағын 20 процент, шошқаны 100 процент арттыруға міндеттеме алды.

(Қаз ТАГ).

ОҚШАУ

ШЫМЫЛДЫҚ ІШІНДЕГІ СЫР

Жылыстың ақырында жүрегі мұздап, балтыры сыздап, өкпесі қабынып шыдай алмай үйден шығып бара жатқан Қуандықтың алдынан біреу қараң ете түсті.

—Бұл кім?

—Мен, Мен... Тәте, мен. Сені Шайһа шақырып, ауырып...деді тұтыққан бада. Қуандық сөскенін кетті, әлі бітіп теңселіп кетті. Қолқасы жүрегіне, жүрегі аузына кеп тығылды. Жан ұшырып үйне қарай жүгірді. Етігін шешіп босағаға лақтырып тастады да шымылдық ішіне жоқ болды. Төріс қарап жатқан әйелінің қасына келіп, қолымен маңдайын сыйпады. Әйел қолын Қуандыққа созды. Ауыр күрсінді.

—Уһ... ай, Шайһа-ай, мен не болдым жаңа. Байқадың ба? Өліп тірілдім ғой мен.

—Не болды сонша? Не болды?

—Түні бойы кезесің. Сонда қайда боламын? Жаман айтпай жақсы жоқ, олай-пұлай болып кетсем бақылықта ала алмаймын. Мендей жар таба алмаймын.

—Күресің бе? Қарағөзім. Сені ойлап жыйылысты да тастап келдім.

Қарағөзім «науқасынан» айығатын болды. Шымылдық іші сыр мен сыбырға толды.

—Осы «Орталыққа» басқарма сенбісің Әлде басқа ма?

—Енді кім деп едің? Басқарма мен.

—Ендеше, Басқарманың қосары деп

сыйлауы жоқ бірде-біреуің. Активтерің әбден бетімен кеткен.

—Не болды?

—Бәрі де болды. Бәрі сенің мыжықтығың. Әбден басынып теріс айналып алған. Өлігі мөр аяқ кілтші де секіріп төре бола қалыпты. Түз сұрап, бір, үш сұрап екі, май сұрап үш бардым. Ет сұрап та, жүн сұрап та бардым. Бермеді. Бермеді де келмеді. Ана бригадир Шәріпінді тый. Жұмыс басында бір болмаймы. Бетімен жүреді. Дүбәкірді де жеңсесен қағаз-мағаз ала қояйын десек қолға түсіре алмайсың. Басат оны. Завферма шаңа қолдан. Одан ат сұрап едім. Сөзімді тыңдамай бетімен кетті. Мұғалімге ұрыс. Қайратыма теңтескін деп зекінгі.

Қуандық таптертен ерте төсектен тұра сала кеңсеге келді де үй күтушіге мынадай өмір берді:

—Уақыт дорогой, заман военный, әуелі кілтші, сонсоң бригадирлер, завферма, есепші тез жетесін. Кабинетімің алдына порядкемен күтсін.

Кешікпей-ақ енгізіп кілтші келді.

—Сен деймін понимаешь. Кілтінді жөндеп ұстайсың ба, жоқ па? Ақырғы рет қатас ескерту ретінде айтып отырмын. Понимать ет, қайғаласаң шаңа түгіл қара қазанды басына төңкеріп, қуам да шығамын... Енді айғайды қояйық, бетімен кету-

ҚАЗАҚ ССР-НЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫ АЛДЫНДАҒЫ СОЦИАЛИСТІК ЖАРЫС

Жас төл мәпелеп күтілуде

Қараша Ақбалына жолдас Преснов ауданындағы «Орталық» ауыл шаруашылық артелинің қой фермасында 7 жылдан бері төл күтуші болып жұмыс істеп келеді. Ақбалына жолдас осы уақыттың ішінде қой басын өсіру күресінде күрделі табыстарға ие болып, стахановшы мал өсірушілер қатарына қосылды.

Быйыл Ақбалына жолдасның қарамағындағы 30 саулық қоздан, олардан 32 қозы алынды. Қараша қазір жас қозыларды мәпелеп күтуде.

Төл күту ісінде аялбай жұмыс істеп жүргендердің қатарына Ж. Қайырбекова және Н. Қананина жолдасарды да қосуға болады. Олардың әр қайсысы 25 саулық қоздатты. Алынған 55 қозы тегіс аман.

—Батыр Қызыл Армиямыз зұлым жауды оның өз үңгірінде талқандап жатса, біз ел ішінде жеңісті шыңдай береміз,—дейді бұл таңдаулы малшылар.

С. НҰРТАЗИН,

Колхоз есепшісі.

Жаңа табыстарға жету үшін күресуде

Петропавлдағы «Пожник» артелинің жұмысшылары Алматыдағы ауыр машина құрылыс зауытының инженер-техник қызметкерлері мен қызметшілерінің үндеуін зор өрлеумен қарсы алды. Артель жұмысшылары республикамыздың 25 жылдығы атындағы социалистік жарысқа жанпай ұмтылып, Қазақстанның 25 жылдық мерекесіне дейін он айлық өндіріс жоспарын толық орындауға, жоспардан тыс 10 мың соның бұйымын өндіруге міндеттенді.

Жеру әбзелдерін жасайтын цехтың жұмысшылары стахановтық пахтаға тұрып, март айының он күндік жұмыс жоспарын 107 процент орындады. Цехтың таңдаулы жұмысшылары Будаков, Шаровьев, Кошкарлов жолдасар үнемі бір жарым мөлшер орындайды.

Былғары цехының коллективі де алған міндеттемелерін аброймен орындауда. Қазір цех жұмысшылары күнделік тапсырманы екі есеге дейін артығымен орындап, қолжеткен табысты баянды етуде.

Артель коллективі март айының өндірістік жоспарын толық орындап, жаңа табыстарға жету үшін күресуде.

М. КОКОШ,

шілдікті жояйық. Біздің Шайһаның сұрағанын беріп жүр. Өзің біздің үйге келіп жүр.

—Құп.

Бригадирлер де келді.

—Бәйке мен Шәріп, сендер жұмысты мүлде провалит еттіңдер. Менің түбіме жеткелі жүрсіндер ме? Хватит. Түсін, время военное екенін түсінбесендер, сендердің түптеріңе ең әуелі мен жетемін. Прямо райкомның бюросының алдына кетің, Шәріп саған сөгіс бергіздіріп, ал Бәйке сені партиядан шығартамын.

—Кемшілікті айтқаныңыз жөн. Оны тазейміз, ғой. Бірақ, біз партияды жоқпыз ғой,—деді бригадирлер.

—Партияда бар-жоғын есеп емес. Мәселен, сен совет гражданысың, өздерің тілгі партияды жоқпыз деп, жауапкершіліктен күйтіңдер келеді ғой. Не қыламын, әй?

—Следующий завферма. Кали, сен өзін ақсақал адамсың. Малды жөндеп бакпайсың. Бар малыңды бак. Біздің Шайһаға бір ат тап.

Бұрын Шайһа кілтші қайнаға, бригадир ағайлар, есепші Саяжан, фермалары атам дейтін. Енді бәрі де өзгеріп. Енді мөр аяқ кілтші, үндемес бригадир, адрэк есепші, фермалары қауға сақал болып аталды.

Преснов ауданындағы «Орталық» колхозының председателі Қуандық Әбілқайып шымылдық ішіндегі сыр да, оның дәрекі ісі де осы.

С. ЖИРЕНШЕ.

Батыс Европадағы соғыс қыймылдары

ЛОНДОН, 12 март. (ТАСС). Одақтас-тардың Европадағы әскерлерінің жоғарғы командованисі штабының хабарында былай делінген: Одақтас әскерлері Рейн мен Везельдің батыс жақ жағалауындағы дұшпанның өткел аузындағы бекінісін жойды. Одақтас әскерлері өздерінің Рем-маген маңындағы өткел аузындағы бекінісін еңі 9 мильге дейін және ішке қарай 3 мильге дейін кеңейтті. Бұл ауданда одақтас 5 қаланы, оның ішінде Линцті алды.

Мұның оңтүстік жағында Рейн жағасында еңі 6 километрлік алаң дұшпанның тазартылды. Одақтас әскерлері қазір Кобленцтің солтүстік жағында 1 миль жерде тұр. Мозель өзенінің солтүстік жақ жағалауын жаудан тазарту жөніндегі ұрыс қыймылдары кезінде Кобленц пен Кохем аралығында көптеген қала мен қыстақ алынды.

Хабарда, одақтас әскерлерінің 11 мартта 30 қала мен қыстақты алғандығы атап көрсетілген. 10 мартта жаудың 4719 адам қолға түсірілді.

Тынық мұхиттағы соғыс

ЛОНДОН, 12 март. (ТАСС). Америкә әскерлерінің Минданао аралына (Филлиппин аралдарында) келіп түскендігі және мұнда жапондықтардың әлсіз қарсылық көрсеткендігі ресми түрде жарияланды.

ВАШИНГТОН, 12 март. (ТАСС). Аса қуатты 300дей «Ушүшы қамал» бомбашы-лары қыратқыш және өртегіш бомбаларды тиіп алып, Нагоя қаласына (Орталық Жапонияда) шабуыл жасаған. Қаланың орталығында 5 текше мильдік алаңда өрттер шыққан. Аса қуатты «Ушүшы» қамалдар сол сияқты жапонның Сингапур-дегі кәсіп орындарына шабуыл жасаған.

Чехословакия Президенті Лондоннан еліне жүріп кетті

ЛОНДОН, 12 март. (ТАСС). Ағылшын-ның хабаршы министрлігінің хабары бойынша, Чехословакия Президенті Бенеш 11 мартта Англиядан еліне жүріп кеткен. Ол еліне апрельдің бас кезінде барып жетуге тиіс. Бенеш екі апта уақыт Москва-да болмақ. Бенешпен бірге Сыртқы істер министрі Масарик еріп шықты.

Берлинді, Эссенді, Бременді Гамбург пен Кильді бомбалау

ЛОНДОН, 12 март. (ТАСС). Ағылшын-ның хабаршы министрлігінің хабары бойынша, 12 мартқа қараған түнде Ағылшын-ның «Москито» бомбашылары Берлинге жаңадан шабуыл жасаған. Қалаға әрқайсысы 2 тонналық көптеген бомбалар тастаған.

Рейтер агенттігінің хабары бойынша, кеше түстен кейін, Ағылшынның 1000нан аса бомбашылары Эссенге шабуыл жасады. Самолеттер қалаға көптеген қыратқыш бомбалар тастады.

Американың 8-авиация корпусының қатарына кіретін 1200дей ауыр бомбашылар 750 ден аса истребительдерді ертіп шығып, Бремендегі, Гамбург пен Кильдегі сүнгүр қайықтар жасайтын орындарға шабуыл жасаған.

Жауапты редактордың орынбасары

Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Ленинград техникуміне (базар алаңы) күзетші-қора сыпырушы, хатшы және хат-машинаны КЕРЕК.

Пайыдау халық комиссариатының об-лыстық өкіліне үнемші, есеп жөніндегі 3-дәуісші және инспектор КЕРЕК.

Адрес: Петропавл қаласы, Ленин көше-сі 43-үй.

Мемлекеттік банктің Солтүстік Қазақ-стан облыстық, қонғоры кредит қызмет-керлерін дайындайтын 4 айлық және есеп қызметкерлерін дайындайтын 3 айлық курске оқушылар қабылдайды.

Курске кемінде 7 класстың білімі бар ер, әйел азаматтар қабылданады. Қабылда-налар жатақ үймен және айына 300 сом стипендиямен қамтамасыз етіледі. Кредит қызметкерлерін дайындайтын күрестің оқуы 1945 жылғы 1 апрельде, Қарағанды қала-сында, ал есеп қызметкерлерін дайындай-тын күрестің оқуы сол мерзімде, Ақмола қаласында басталады.

Курске түсем деушілер, мемлекеттік банктің қызметкерлер бөліміне таңертеңгі сағат 9дан 2ге дейін жолығуға тиісті.